



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 28 қараша

Ұлттық Банкте қаржы реттеушісі және сараптамалық қоғамдастық өкілдерінің кезекті кездесуі өтті

Бүгін Алматы қаласында Ұлттық Банкі өкілдерінің жетекші қаржы сарапшыларымен кезекті кездесуі өтті, оның барысында базалық мөлшерлеме деңгейі, сондай-ақ қаржы нарығындағы ахуал талқыланды.

ҚРҰБ Зерттеулер және статистика департаментінің директоры Виталий Тутушкин кездесуге қатысушыларға ҚРҰБ-ның базалық мөлшерлемені +/-1% симметриялық дәлізбен бұрынғы 10,25% деңгейде сақтау жөніндегі шешімдерін түсіндірді.



Оның айтуынша, «жылдық инфляцияның деңгейі қазанда жеделдеді, алайда нысаналы дәліз шеңберінде қалып, Ұлттық Банктің болжамдық мәндеріне сәйкес келуде. Сыртқы сектор тарапынан инфляциялық тәуекелдер сақталуда. Бұдан басқа, ақша-кредит талаптарының бейтараптылығын сақтау қажеттілігі бар».

В. Тутушкин «қазанда инфляциялық процестердің жылдық көрсетуде 7,7%-ға дейін (қыркүйектің қорытындысы бойынша 7,1%) жеделдеуі байқалғанын, алайда жылдық инфляцияның 2017 жылға арналған 6-8 % нысаналы дәлізге сәйкес келуін жалғастыратынын хабарлады. Инфляция серпіні көп дәрежеде қысқа мерзімді факторлардың әрекетіне – ұсыныстың уақытша қысқаруы нәтижесінде энергия тасымалдауыштардың (бензин, дизель отыны, көмір) және азық-түлік өнімдерінің жекелеген түрлерінің, негізінен көкөністердің (бағалардың маусымдық өсуі) қымбаттауына негізделді, бұл туралы базалық инфляцияның шамалы (0,2 б.т.) өсуі куәландырады. Энергия тасымалдауыштардың қымбаттауынан қайталама әсерді іске асыру тәуекелдері қысқа мерзімде сақталып, инфляциялық күтулердің өсуіне әкелуі мүмкін. Соған қарамастан, Ұлттық Банктің бағалауынша, жылдық инфляция 2017 жылғы нысаналы дәліздің шегінде сақталады.

«Қазанда халықтың инфляциялық күтулерінде жоғары құбылмалылық белгілері пайда болды, бұл бейімді құрауыштың жоғары үлесін көрсетеді. Мәселен, инфляциялық күтулерді бір жыл бұрын сандық бағалау энергия тасымалдауыштар мен азық-түлік нарығындағы бағалардың өсуінен кейін 6,9%-ға дейін өсті. Бұл ретте олар инфляция бойынша нысаналы дәліздің шегінде болады, ол 2018 жылдың соңында барынша төмен 5-7% деңгейінде айқындалды», - деді В. Тутушкин.

Сарапшылардың сұрақтарына жауап бере отырып, В. Тутушкин сыртқы тауар нарықтарындағы жағдай салыстырмалы тұрақтылықпен сипатталатынын атап өтті. «Сыртқы азық-түлік бағалармен қатар, сауда әріптес елдердегі экономиканың өсу қарқындары және инфляция қазақстандық экспортқа сұранысқа және инфляцияға ықпал ету тұрғысынан оңтайлы болып табылады. 2017 жылғы маусымнан бастап мұнай бағасының серпінінде өсу үрдісі атап өтіледі.

Алайда, орта мерзімді перспективада болашақ кезеңдерге қатысты белгісіздікті арттыратын оның құбылмалылық тәуекелдері туындауы мүмкін», - деді ол.

Сонымен бірге Ұлттық Банктің Зерттеулер және статистика департаментінің директоры экономикадағы іскерлік белсенділік қалпына келуін жалғастыратынын атап өтті: «Елдегі жиынтық ұсынысты сипаттайтын қысқа мерзімді экономикалық индикатор 2017 жылғы 10 айда 5,4%-ға өсті, алайда оның өсуі экономика салалары бойынша тепе-тең емес».

Өз кезегінде ҚРҰБ Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары Әділ Мұхамеджанов елдің валюта және ақша нарықтарындағы жағдайға түсініктеме берді. «Қазіргі уақытта ішкі валюта нарығындағы жағдай тұрақты, ұлттық валютаның айырбастау бағамы шетел валютасы сұранысы мен ұсынысының теңгерімін көрсетеді. А.ж. қарашаның соңында ұлттық валютаның айырбастау бағамы шикізатты экспорттаушы компаниялардың салық төлемдерінің кезеңіне байланысты нығайды, бұл нарықта шетел валютасының қосымша ұсынысын қамтамасыз етті. Ақша нарығында теңге өтімділігінің құрылымдық профициті сақталып отыр».

Кездесу барысында ҚР Ұлттық Банкінің өкілдері қаржы нарығындағы ағымдағы жағдай туралы сарапшылардың бірқатар сұрақтарына жауап берді, болашақта базалық мөлшерлеменің өзгеруіне әсер ететін факторларды талқылады.



«Базалық мөлшерлемені сақтау туралы шешім ақша-кредиттік талаптардың бейтараптылығын сақтау және нақты пайыздық мөлшерлемені 4%-дан жоғары емес деңгейде ұстап тұру орындылығын көрсетеді, бұл экономикалық өсудің ұзақ мерзімді әлеуетті қарқындарына сәйкес келеді», - деп атап өтті қаржы реттеушісінің өкілдері.

Қазақстан Ұлттық Банкінің сарапшылармен кездесуді тұрақты негізде қаржы реттеушісінің нарықпен және жұртшылықпен белсенді коммуникациялары саясатының шеңберінде өткізіп жатқанын еске саламыз. Базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешім 2018 жылғы 15 қаңтарда Астана уақыты бойынша 17:00-де жарияланады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz